



# АРМЫСЫН, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Наурыз – көне мейрам.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған:

Дәстүрлі қазақ халқында Ұлыстың ұлы күні жыл басы деп саналған. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат – Ана жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, талдар бүршік атады. Қазақтың байтақ даласын Қыдыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бак дәүләт сыйлайды. Ұлы даланың тесінде қызғалдақтар құлпыра

есіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем тесселеді. Еліміз жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, үлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың ұлы күнінде араздасқандар татуласып, ел ауызбіршілікте болады. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған.

Ер адамдар бір-бірімен тес қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне иігі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішүге шақырады. Әдетте, осы күні адамдар пендешілік атаулыдан тазарып, арылады.

Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі үлттық ойындар (көктар, аударыспақ, құрес, қыз күу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік тәбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Ұнтымағы жарасқан көп үлтты еліміздің осы бірлігін Құдай ұзағынан сүйіндіргей. Ұлыстың ұлы күні күтті болсын, ағайын!

А.ТОҚТАБЕК,  
А.ОТУНШИЕВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ, «Стандарттау»  
және сертификаттау»  
кафедрасының магистр,  
ага оқытушылары.